

БЕКІТЕМІН:

Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.11 - 15.11.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Көңіл күй” (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Кел, достарым, келіндер! Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шенберге, Қуанышпен еніндер.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.

			Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді. (қарым-қатынас іс- әрекеті)	(қарым-қатынас іс- әрекеті)	
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу.	"Баланы ғаламтордың зиянды әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында ата- аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқы аздығының қандай зияны бар?"	Балалардың жетістіктері жайында ата-аналармен әңгімелесу; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	«Баланың қауіпсіздігі басты назарда» ата- аналармен кеңесу.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, кітаптарды сөрелерге тәртіппен қою мүмкіндігін іс- тәжірибеде	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектерге көмектесуге дағдыландыру; шкафта тұрған ойыншықтар мен кұралдарды ретттеп, тазалық орнатуға тарту; еңбек дағдыларын,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Бөлме өсімдіктерін күту. Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (курап қалған жапырақтарды алып тастау), оларды күтіп-баптауға қызығушылықтарын ояту, ересектерге	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсат-міндеттері. Балаларды киім- кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуді үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу.

орындауға дағдыландыру.	ұқыптылықты қалыптастыру.	қолғабыс етуге тәрбиелеу.	сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету.	"Сипаттама бойынша аңды таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	Үстел үсті ойыны, мозаика. "Жабайы аңдар". Мақсат-міндеттері. Олардың мекен ететін жерлері, коректенуі, пайдасы жайында әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Санамақтар айтқызу. Қасқыр қақты қақпаны. - Ашыңдар, тез! - айтқаны. Сол-ақ екен лақтар-титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі - төсек астына, Бірі - пештің қасына, Бірі - сәкі астына, Бір - астына кереует, Бірі - тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде? (сөйлеуді дамыту)	Тақпақ жаттау Қоян Есек құлақтас Ит сирақтас, Түйе еріндес, Жапалақ көздес, Бұта түбі кеуегі, Кеуегінде көжегі. (сөйлеуді дамыту)
"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп айтуға, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)	"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде)	"Бір сөзбен ата" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға үй және жабайы жануарларды жалпылауға және	"Ненің төлі?"	"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол

	"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Маймандайды, теңселеді. (Маймандау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймандайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау) Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, маймандайды. (Маймандап жүру) Д. Ахметова (дене шынықтыру, көркем сөз)	оларды бір сөзбен атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Дидактикалық ойын. «Жасырынған қандай жануар». Мақсат-міндеттер: Балалардың ойлау қабілетін дамиды. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. (сөйлеуді дамыту)	жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде				

	1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Нені жақсы көреді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру. Барысы. Педагогтің үстелінде суреттер жатады: сәбіз, қырыққабат, таңқурай, бал, балық, жаңғақ, шырша бүршігі, саңырауқұлақ, ағаш қабығы, шөп, тауық,	"Сипаты бойынша тану" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. Барысы. Қорқақ, ұзын құлақ, сұр немесе ақ. (Қоян.) Қоңыр, қыста ұйқыға кетеді, епсіз. (Аю.) Сұр, ашулы, аш.	"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек. (сөйлеуді дамыту,	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар. Ең жақын адамдар, Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ...

	қоян, қозы және тағы басқа. Балалар суреттерді сәйкес жануарға жапсырады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	(Қасқыр.) Қу, айлакер. (Түлкі.) (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл күйлері түсіп қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа. (қоршаған ортамен танысу, танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	қазақ тілі, музыка)	Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! (әлеуметтік-эмоциялық дағдылар, сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Сұр көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, саппен еркін жүгіруді үйрету.	Дене шынықтыру "Қоян секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, саппен еркін жүгіру дағдыларын	Музыка "Жомарт түлкі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән	Дене шынықтыру "Еркін жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі	Қазақ тілі "Орманда нелер мекендейді?" "Жабай аңдар". Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы аңдардың атауларын есте сақтауға, ертегіні ("Сәулетті үйшік") мұқият тыңдауды, өздеріне таныс жабайы аңдардың атауларына

	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көжек тақпағын жаттау". Мақсат-міндеттері. Балаларға көжек туралы тақпақты жаттату кезінде оның тіршілік ету ерекшеліктері туралы мағлұматтар беру; көжек туралы тақпақ жолдарын мәнерлеп айтуға ересектің сөздік нұсқауына еріп, қимылдармен сүйемелдеуді үйрету. Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Мақсат-міндеттері. Аңдардың төлдерін тануды үйрету және қазақ тілінде атауға дағдыландыру. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	дамыту; екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру. Сурет салудан ойын-жаттығу "Қонжық". Мақсат-міндеттері. Балаларға қонжықты қоңыр қарындашпен, көлемі екі түрлі дөңгелекті қарындашпен іргелес қосып, дене мүшелерін, қосалқы бөлшектермен толықтырып салуды үйрету. Саусақ жаттығуы. "Қонжық". Қонжық жүрсе	айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауды үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қоян орманға барады". Мақсат-міндеттері. Балаларды үшбұрыш,	зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. "Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бір қатарда еркін жүгіруді үйрету. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жабайы жануарлар". Мақсат-міндеттері. Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік бере отырып, олардың күшіктерімен таныстыру; жабайы жануарлардың күшіктерін бір-бірінен ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру. Дидактикалық ойын.	сүйене отырып, ертегінің мазмұнын түсінуді үйрету. Құрастырудан ойын-жаттығу "Орманда кірпі жүр". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыруға икемді қағазды бүктелуі қасиетімен таныстыру; дөңгелек пішінді қағаз бетін, екі шеттен алып, тең екі жарты шеңберге бүктеуді үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату.
--	--	---	--	--	---

		орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау) Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып, саусак ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау) (сөйлеуді дамыту)	дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды байқауды үйрету; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау, есте сақтау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	"Жабайы жануарлардың төлдерін ата". Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдар мен олардың күшіктерін табуды үйрету.	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күзгі жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: күздің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтыру, табиғаттың әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.	Жапырақтардың жерге түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттер: Балаларға күзгі табиғат ерекшеліктерін түсіндіріп, оның	Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз	Шырша ағашын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы түсініктерді тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы

Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау). Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді.	сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. Жапырақтар жерге неге түседі? Бұл туралы балаларға мағлұмат беру. Тапсырма: «Күзгі кілем» атты тақырыпқа аппликация жасау. Сұрақтар: - Ағаштар мен бұталардың жапырақтары қандай? - Жапырақтары ең көп түскен ағаштардың атын атаңдар? - Ал қандай ағаштар мен бұталардың жапырақтары әлі жасыл? - Ағаштардың жапырақтары неге күзде түседі? - Бұл құбылысты не деп атаймыз? Көркем сөз: Жапырақтар саулайды Ағаштың басынан.	білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Балалар алаңның бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына	екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін,	тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айту. Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңарту. Шыршаның негізгі түсін, неліктен жапырақтардың жоқ болғанын сұрау. - Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады, себебі ол әрқашан жап жасыл, суықтан қорықпайды. - Шыршаның бұтақтарында жапырақтардың орнына қылқандар бар. Қылқандар түспейді, сондықтан қыста үстіне түскен қар бұталарды сындырмайды, қылқандардың арасынан жерге түсіп кетеді. - Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып, денеміздің сау болуына көмектеседі. Жасыл желек жамылған Міне, сұлу шыршамыз Инелері тағылған Қандай сұлу шыршамыз! Еңбек әрекеті: ауланы
---	---	--	---	--

	Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. (дене шынықтыру) Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені ұстап ал". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: дене, қимыл қозғалыстарын дамыту.	Ұшып жатыр жан – жаққа Шегетіндей тау қайғы Бұлақтарда тасыған. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: Ойынның шартын бұзбай, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайтып ойнау. Еңбек: Жерге түскен жапырақтардан әсемді күзгі гүл шоғын жасау. Мақсат-міндеттер: Балалардың әсемдікке деген талғамын қалыптастыру. Қимылды жаттығулар: Баскетбол ойынындағы жаттығуларды жасап үйрену.	қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барындар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады. "Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Еңбек әрекеті: бақшадағы көгөністерді суару. Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін	Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді	қурап түскен жапырақтардан тазарту. Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізу "Түзу жолмен" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру. "Қу түлкі" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар
--	---	--	---	--	--

			ойындары.	жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.	педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдынала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Балалардың еркін ойыны.
--	--	--	-----------	---	--

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ пен қолдың қимылын сәйкестендіріп, бәріне еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру) "Не жасырылған" дидактикалық	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Музыкадан ойын-жаттығу "Қорқақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа	"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұнайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне,	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру) Вариативті компонент/Шығармашылық	"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қоян". Мақсат-міндеттері. Қоянның ерекшеліктері арқылы балалардың сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; қоянның дене мүшелерін атағанда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін және зейіні мен қоянға тәжірибе жұмыстарын жасауды, басқа аңдармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.

ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Барысы. Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші ролін атқарады. Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма	айтуды үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенділіктерін арттыру. "Қорқақ қоян" ойыны. Мақсат-міндеттер. Музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу	қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және тағы басқа (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар) Шығармашылық "Қоянның жаңа тоны". Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы табиғат әлемі туралы білімдерін кеңейту; қоянның жыл мезгіліне сай сұр тонын қыста ақ тонға ауыстыру ерекшеліктерінің мәнін түсіндіру; жапсыру әрекетінде қоянның дене құрылысымен таныстыру; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғым беру. Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп". Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың	"Қоянның жаңа тоны". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы табиғат әлемі туралы білімдерін кеңейту; қоянның жыл мезгіліне сай сұр тонын қыста ақ тонға ауыстыру ерекшеліктерінің мәнін түсіндіру; жапсыру әрекетінде қоянның дене құрылысымен таныстыру; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Ненің құлағы?". Мақсат-міндеттер.	
---	---	--	--	--

	күрделенеді. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді".	қабілетін дамыту.	екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату) Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату) Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау) Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір уысқа жинақтап, соққылау) Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті. (сөйлеуді дамыту)		
Балалармен жеке жұмыс	"Кірпіжан" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Д. Ахметова "Кірпіжан".	Саусақ жаттығуы. "Қонжық". Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге	Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Мақсат-міндеттері. Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері	"Түлкі" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Төлеу Шаханов "Түлкі".	"Қасқыр" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Жүсіп Қыдыров "Қасқыр". Көрдіңіз бе әне, аға, Атам қуған арланды!

	Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? Жолым көп, жолым көп, Қоректі іздеймін. Қорек көп, қорек көп, Тауып алып, жеймін. (көркем әдебиет)	соққылау). Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбандап (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір- біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау), Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау). (сөйлеуді дамыту)	бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңдар, енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және оның төлін айтады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)	Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді қуын-ай! (көркем әдебиет)	Түнде шауып қораға Дүркіреткен бар малды. Қолға түсіп қалыпты, Сыбағасын алыпты. (көркем әдебиет)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу.	"Баланы ғаламтордың зиянды әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында ата- аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқы аздығының қандай зияны бар?"	Балалардың жетістіктері жайында ата-аналармен әңгімелесу; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	«Баланың қауіпсіздігі басты назарда» ата- аналармен кеңесу.